

## АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДА АДАМИ КАПИТАЛДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

## FORMATION AND USE OF HUMAN CAPITAL IN AGRICULTURAL SECTOR

ФОРМИРОВАНИЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА  
В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ**А.Ж. БҰХАРБАЕВА***Ph.D докторы***А.Ш. АБДИМОМЫНОВА\****Э.Ф.К.***К.А. УТЕГЕНОВА***Э.Ф.К.*<sup>1</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан**\*автордың электрондық пошталы: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru)***А.ЗН. ВУКНАРБАЕВА***Ph.D***А.Ш. АБДИМОМЫНОВА\****C.E.Sc***К.А. УТЕГЕНОВА***C.E.Sc.*<sup>1</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan**\*corresponding author e-mail: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru)***А.Ж. БҰХАРБАЕВА***доктор Ph.D***А.Ш. АБДИМОМЫНОВА\****К.Э.Н.***К.А. УТЕГЕНОВА***К.Э.Н.*<sup>1</sup>*Қызылординский университет имени Коркыт Ата, Қызылорда, Казахстан**\*электронная почта автора: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru)*

Аңдатпа. *Мақсаты* – экономиканың аграрлық секторында адами капиталды қалыптастыру және дамыту ерекшеліктерін талдау. *Әдістері* – экономикалық-статистикалық, факторлық, салыстырмалы талдау, қорытындыларды жалпылау. *Нәтижелері* – авторлар тауарлар мен қызметтерді өндіру тек техникалық құралдарға ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің біліміне, дағдыларына, адамгершілік жағдайлары мен мінез-құлқына байланысты екенін атап өтеді. Сондықтан дағдыларды, тәжірибені, денсаулықты, мәдени құндылықтарды, құзыреттерді игеруге байланысты адами ресурстардың маңызы зор. Қазіргі уақытта ауылдық жерлердегі адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қалалықтардан едәуір артта қалып отыр. Кадрлардың жетіспеушілігі, халықтың қалаларға кетуі, жалақының төмен деңгейіне, өндірістік және тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларға байланысты жастардың ауылда тұрып, жұмыс істегісі келмеуі байқалады. Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік өндірісті кешенді механикаландыру, ақпараттандыру және цифрландыру қажеттілігі бар. Бұл процестерге заманауи техника мен технологияларды меңгерген жоғары білікті мамандар қажет. *Қорытындылар* – осы механизмнің ұйымдастырушылық-басқарушылық, қаржылық-экономикалық, техникалық-технологиялық, құқықтық, мотивациялық, әлеуметтік аспектілерінің мақсаттарын нақтылау арқылы ауыл шаруашылығында адами капиталды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу ұсынылған. Авторлар аграрлық салада зияткерлік капиталды тиімді пайдаланудың негізгі сипаттамаларын, принциптерін ашты. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуды арттыру, инвестициялық қамтамасыз етуді жандандыру жолымен оны оңтайландыру бағыттары айқындалды. Анықталған проблемалардың негізінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін және инноваци-



тамасыз етуге, ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық қызметі мен инновациялық дамуын ынталандыруға, мемлекеттік бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Біздің ойымызша, аграрлық сектордағы адами капитал қызметінің келесідей ерекше шарттарын атап көрсетуге болады:

– негізінен табиғи-климаттық жағдайларға байланысты, бұл ел аумағында жұмыс күшінің біркелкі пайдаланылмауына ықпал етеді;

– тірі организмдерді – өсімдіктер мен жануарларды күнделікті қолданумен тығыз байланысты, бұл экономикалық заңдармен қатар биологиялық заңдарды да есепке алу қажеттілігін тудырады;

– ауыл шаруашылық жұмыстарын механикаландырудың әлі де болса, төмен деңгейіне байланысты адами капиталдың басым бөлігі тартымсыз физикалық еңбек жағдайында қолданылады; бұл ауылда жастардың тұрақтап, орнығуына кері әсерін тигізеді;

– аграрлық сектордың адами капиталы әйелдердің, зейнеткерлердің және балалардың еңбегінің жоғары үлесін пайдаланады.

Сондықтан аталған ерекшеліктерді ескере отырып, аграрлық сектордың адами капиталы осы салада өндірісті дамытуға және табыс табуға мүмкіндік беретін адам денсаулығының, туа біткен қабілеттері, қалыптасқан құзыреттері мен дағдыларының жиынтығын кешенді зерттеуді қажет етеді.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Қазіргі кезге дейін «адами капитал» бағытындағы зерттеулердің үлкен көлемі мен көпқырлылығы «адами капитал» категориясының өзін әртүрлі түсіндіреді. Классикалық және ең кең тарағаны – адами капиталды белгілі бір қор ретінде түсіну, яғни жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табыс табуда пайдалана алатын адамның білімі, дағдылары мен ынтасы [1, 2]. Заманауи зерттеулерде «адами капитал – жеке, әлеуметтік және экономикалық әл-ауқат құруға мүмкіндік беретін адамдарға берілген білім, дағды, құзыреттер мен қабілеттер [3, 4] және еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін білімге және денсаулық сақтауға салынатын жинақтар» деп түсіндіріледі [5, 6].

Өз кезегінде, 2018 жылдан бастап Әлемдік банк сарапшылары жүргізетін адами капитал индексін есептеу әдістемесі туылған нәресте 18 жасқа толған кезде

күте алатын адами капиталдың көлемін өлшеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда индекс 157 елдің арасында есептеледі. 2021 жылғы есеп бойынша Қазақстанның адами капитал дамуының индексі 0,75 құрады (жоғары индекс 1-дің үлесіндегі; ең жоғары көрсеткіш Сингапур мемлекетінде – 0,88). Бұл дегеніміз, Қазақстанда туылған баланың кәмілетке толған кездегі еңбек өнімділігі толық білім алу және толыққанды денсаулық сақтау кезінде мүмкін болатын әлеуетті деңгейдің 75%-ын құрайды, сондай-ақ болашақ ұрпақ күтілетін табыстың 25%-ын жоғалтып отыр дегенді білдіреді [7].

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Аграрлық сектордың адами капиталын бүкіл ел деңгейінде қалыптастыру мен дамытудың жалпы деңгейі, ең алдымен, оны әр жеке аймақ деңгейінде дамытудан тұрады. Отандық ғалымдардың аймақтардағы адами капиталдың жай-күйін бағалау компоненттерін интегралды баға беретін жүйеде қарастырған алғашқы еңбектерінің бірінде адами капиталдың негізгі көрсеткіштері ретінде демографиялық, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлар таңдалған. 2010-2019 жылдың мәліметтері негізінде жүргізілген Қазақстан Республикасының аймақтарындағы адами капиталын интегралдық бағалау бойынша ең жоғары көрсеткіш – 0,59 Алматы қаласына, ең төменгі – 0,29 Солтүстік Қазақстан облысына тиесілі болды [8].

Аграрлық сектордағы адами капиталдың жай-күйі елдің экономикасымен, агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық-аумақтардың даму деңгейімен анықталады. Сонымен бірге, экономиканың аграрлық секторында адами капиталды қалыптастыру үдерісі жалпы макроэкономикалық заңдылықтардың және өндіретін өнімнің ішкі нарықтағы импортының әсерімен, табиғи құбылыстармен және биологиялық үдерістермен байланысты ұзақ репродуктивті циклмен, табиғи-климаттық факторларға айтарлықтай тәуелділікпен, сондай-ақ, экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда аграрлық сектордың төмен инвестициялық тартымдылығымен байланысты.

2022 жылдың 1 қазанына Қазақстан халқының саны 19 691 858 мың адамды құраса, оның 59,2%-ы қала тұрғындары, 40,8%-ы, яғни 7,8 млн адам ауыл тұрғындары болып келді. Олардың 38%-ын балалар, 62%-ын ересек тұрғындар құраса, 1,7 млн әйел бала тууға қабілетті жаста болып саналады. Ауыл тұрғындарының

өмір сүру ұзақтығы қала тұрғындарына қарағанда жоғары; 2021 жылы еліміз бойынша орташа өмір сүру жасы 70 жылды құрады, оның ішінде қалада – 69 жыл, ауылда – 70 жыл. Ауыл халқының орналасуы ел аумағында біркелкі бөлінбеген, ауыл халқының жалпы санының 55,83%-ы оңтүстік аумақта тұрады [9]. Мұның себебін өмір сүру және ауыл шаруашылығымен айналысу үшін қолайлы жағдайлармен байланыстыруға болады.

Адами капиталдың өмірлік циклі 60-шы жылдардан кейін ескіреді және іс жүзінде

экономикалық және өндірістік үдерістерде белсенді пайдалану мүмкін болмайды, тек қалыпты ұстап тұру және сақтаумен шектеледі. Айта кету керек, білімді және дағдыларды қолданбай адами капитал тек әлеует болып қала береді, еліміздегі ауыл халқының орташа жасы 2021 жылы 31,0 жасты құрағанын ескерсек, олардың өміріндегі белгілі бір кезеңінде жұмыспен қамту мүмкіндіктерін дамыту қажет екендігін байқауға болады (1 кесте).

1 кесте – Адами капиталды ұдайы өндірудегі уақыт циклі

Адамның әлеуметтік өмірі	Жастық шақ		Жетілу	Егде жас және кәрілік
	еңбекке дейінгі жас (14-20 жас)	еңбек жасы (20-30 жас)		
Жас	еңбекке дейінгі жас (14-20 жас)	еңбек жасы (20-30 жас)	ересек еңбек жасы (30-60 жас)	еңбектен кейінгі жас (60 жастан бастап)
Адами капиталды ұдайы өндіру фазалары	еңбек қызметіне дайындық, белгілі бір деңгейдегі адами әлеуетті қалыптастыру	кәсіби тәжірибе арқылы адами әлеуетті арттыру	адами әлеуетті қолдау және жаңғырту	адами әлеуетті қалыпта ұстап тұру және сақтау
Ескерту: [10] әдебиет көзі бойынша құрастырылған				

Жеке адами капиталды қалыптастыру адам өмірінде үлкен кезеңді алады (орта есеппен 18-25 жыл) және айтарлықтай материалдық шығындарды талап етеді. Одан кейінгі инвестицияларды жеке тұлғаның өзі, кәсіпорындар, мемлекет жүзеге асырады.

Аграрлық сектордың адами капиталын қалыптастыруда білім берудің маңызы ерекше. Бүгінде Қазақстан бастауыш біліммен қамту бойынша топ – 5 елдің қатарына кіреді. Елімізде ішкі (ұлттық бірыңғай тестілеу, оқу орындарын сыртқы бағалау, лицензиялау, аттестаттау) және халықаралық сапаны бағалау құралдарына негізделген білім беру сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі құрылды. 2007 жылдан бастап Қазақстан TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысады. Алайда, қалалық және ауылдық білім беру орындары оқушыларының құзыреттерінде әлі де алшақтық бар.

Қазіргі кезеңде елімізде 7 550 жалпы білім беретін мектептер болса, оның 5 262-сі ауылдарда, 1 783-і қалаларда, яғни мектептердің 70%-ға жуығы ауыл-аймақтарда, оларда білім алушылардың 42,7 пайызы қамтылған.

Сонымен қатар, 2020-2021 оқу жылында 34 орта мектеп апатты жағдайда болды және олардың барлығы дерлік ауылдық жерлерде. 2022 жылы жарияланған Ұлттық

есептің мәліметтері бойынша: мектептердің 25,4%-да спорт залдары мүлдем жоқ; 10,2%-ында спорттық кешендер бейімделмеген ғимараттарда орналасқан; мектептердің 13,6%-ында кітапхана; 15%-ында асхана жоқ [11].

Білім беру сапасына жаңа модификацияланған сыныптардың болуы да әсер етеді. Сыныптар жиынтығына арнайы жиһаз, мультимедиялық бағдарламалар, интерактивті жабдықтар кіреді. Мұндай сыныптар мен интерактивті тақталарды ҚР мектептеріне жеткізу 2005 жылы басталса да, 2021 жылы мектептердің 29,3%-ында жаңа модификацияланған кабинеттер болған жоқ.

Сонымен бірге, ауылдық мектептерде педагогикалық құрамның салыстырмалы түрде төмен біліктілік сипаттамалары байқалады. Ауыл мектептеріндегі жоғары санатты мұғалімдердің үлесі жалпы санының тек 18,5%-ын, ал қалалық жерлерде 31,2%-ын құрайды. Ал жоғары біліммен қамтылған тұрғындардың үлесі 2019 жылғы 66,98%-дан 2021 жылы 62,64-ға төмендеген. Ел халқының цифрлық сауаттылық деңгейі 82,1% құрайды [12].

Өлемдегі жоғары технологиялық тәсілдер экономика өсімінің адами ресурстардың сапалық сипаттамаларына тәуелділігін көрсетті. Адами капитал сапасының көрсеткіштері елдің бәсекеге қабілеттілік

деңгейіне үлкен әсер етеді. Мамандықтар мен біліктіліктердің құнсыздануы жағдайында бүгінгі таңда өзекті құзыреттер ертең талап етілмеуі мүмкін және одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуға шектеу болуы мүмкін. Сапалы, әрі бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру үшін білім беруге салынатын инвестицияларды одан әрі ұлғайту керек.

Қазақстанда мемлекеттік бюджеттен білім алуға ЖІӨ-нің шамамен 5%-ы жұмсалады. 2021 жылы мемлекеттік бюджеттен білім беруге 3,7 трлн теңге жұмсалған (бюджеттің барлық шығыстарының 20,5%), бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 17%-ға артық, Орталық Азия елдері бойынша орташа мәннен жоғары деңгейде. Дегенмен, дамыған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінің көрсеткіштерінің 3-4 есеге дейін жоғары екендігін айтпағанның өзінде, UNESCO атап өткендей, Африка елдерінде де бұл көрсеткіштер жоғары: Намибия ЖІӨ-нен білім алуға 9,41%, Сьерра-Леоне – 9,26%, Белиз – 7,94%, Оңтүстік Африка – 6,84% жұмсайды [13].

Адами капиталдың маңызды аспектілерінің бірі - физикалық денсаулық, яғни, толыққанды өмір сүруге және жұмыспен айналысуға мүмкіндік беретін тікелей адам денсаулығы. Физикалық денсаулықтың болуы екі мәселеге: біріншісі, адамның өз денсаулығына деген санасы мен жеке қатынасына, екіншісі, мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесімен байланысты.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласындағы ұлттық реформаларды іске асыру арқылы елеулі нәтижелерге қол жеткізілді. Соңғы 20 жылда өмір сүру ұзақтығы 7,75 жылға өсті. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан денсаулық сақтау деңгейі бойынша Numbeo рейтингіне сәйкес (Numbeo – өмір сүру құны мен сапасы туралы әлемдегі ең үлкен мәліметтер базасы) 96 елдің ішінен 58-ші орынды иеленді.

Қазақстанның денсаулық сақтау индексі (Health Care Index) 59,89 құрады. Индекс деңгейі неғұрлым жоғары болса, елде денсаулық сақтау соғұрлым жақсы дегенді білдіреді, оның құрылымына денсаулық сақтау жүйесінің, медицина қызметкерлерінің, жабдықтардың, қызметкерлердің, дәрігерлердің, шығындардың және т.б. жалпы сапасын бағалау көрсеткіштері енеді. Осы көрсеткіштер бойынша 86,04 индексімен Тайвань елі көш бастап тұр.

Сондай-ақ, үздік индексі бар үш елдің қатарына Оңтүстік Корея мен Жапония да кірді – сәйкесінше 83,04 және 80,52. 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚР-да денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерге инвестициялар көлемі 73,7 млрд. теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,2%-ға артық. 2020 жылы денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызметтерге инвестициялар көлемі 64,2 млрд. теңгені және 2021 жылы 64 млрд. теңгені құраған [14].

Дегенмен, Қазақстан халық санына шаққанда өлім-жітімі жоғары елдердің қатарында (195 елдің ішінен 56-орын). Жалпы, елдегі өлім-жітім коэффициенті 1 000 адамға шаққанда 8,12 құрады (2020 жылы – 6,96); сәбилер өлімінің коэффициенті 1 000 туылғанға шаққанда – 7,81 (2020 жылы – 7,64). Елімізде бес жасқа дейінгі балалардың өлім коэффициенті – 10,04, қалалар бойынша – 11,99, ауылдарда – 7,27 [15].

Ауыл тұрғындары арасында өлім-жітім құрылымында қан айналымы жүйесінің аурулары, қатерлі ісіктер, тыныс алу органдарының аурулары мен жарақаттар басым. Өзіне-өзі қол жұмсаудан өлім-жітім 100 000 халыққа – 11,10; қалаларда – 9,92, ауылда – 12,82.

Қазіргі кезде ауыл-аймақ тұрғындарының 42,7%-ы – тыныс алу органдарының ауруларымен, 9%-ы – ас қорыту; 6,3% – несеп-жыныс жүйесі; қан айналымы жүйесі аурулары – 5,4%, жазатайым оқиғалар, жарақаттар мен уланулар – 4,6%, онкологиялық аурулар – 1% түрімен ауырады. Бес жасқа дейінгі балалар арасында өсудің тежелуінің таралуы ауылдарда – 2,5 (1 000 балаға шаққанда).

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауда бірқатар проблемалар бар, атап айтсақ, динамикалық бақылаудың төмен сапасы, консультациялық-диагностикалық қызметтердің жеткіліксіз болуы, созылмалы аурулары бар науқастарды қымбат дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары арасында екі есе аз.

Еліміз бойынша ауыл тұрғындарына 5 мыңнан астам медициналық ұйым, оның ішінде 2 мыңнан астам медициналық пункт, 800 фельдшерлік-акушерлік пункт, 1 000-нан астам дәрігерлік амбулатория, 200-ден астам емхана және 203 аурухана медициналық көмек көрсетеді. Сондай-ақ, 200-ден астам елді мекендерде медициналық объектілер жоқ, 400-ге жуық ауылда жалға алынған, авариялық, бейімделмеген ғима-

раттарда орналасқан. Ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің медициналық инфрақұрылымының тозуы 50%-дан асады.

Қалалық және ауылдық денсаулық сақтау саласында кадрлармен қамтамасыз етуде де алшақтық сақталуда. Бүгінде ауылдарда 1 700-ден астам медицина қызметкерінің, оның ішінде 1 000-нан астам дәрігердің (734 медбике) тапшылығы байқалады; қалада – 10 мың тұрғынға шаққанда 56,8, ауылдық жерлерде – 10 мың тұрғынға шаққанда 16,1 дәрігер қызмет көрсетеді [16].

Адами капиталды дамытуда еңбек нарығының көрсеткіштері өте маңызды, себебі, аграрлық сектор өнімдерінің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі еңбек ресурстарын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығындағы жұмыс күші 75,6%-дан (2011 жылы) 70,4%-ға (2021 жылы) дейін; жұмыссыз халықтың саны 2011 жылы 202,4 мың адамнан 2021 жылы 180,7 мың адамға дейін төмендеп, жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрайды. Осы кезеңде жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдардың үлесі 24,4%-дан 29,6%-ға өскен. Яғни бұл, ауылдарда жұмысқа жарамсыз, зейнет жасындағы адамдардың көбеюімен байланысты болып отыр.

2021 жылы ауыл шаруашылығының еңбек нарығында 3 765,6 мың адам жұмысқа жарамды болса, оның тек 3 584,3 мың адамы жұмыспен қамтылған. Жұмыспен қамтылған қызметкерлердің 1 018,3 мыңының, яғни 28,4%-ының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар. Осы топтың 44,3% – орта арнаулы (кәсіптік); 16,31% – бастауыш кәсіптік; 11,2%-ының жалпы орта білімі бар [17].

Аграрлық салада инновациялық өзгерістер жасау үшін біліктілігі жоғары қызметкерлердің еңбегіне деген сұранысты үнемі артып келеді. 2021 жылы «Ауыл шаруашылығы» бағытында оқу бітірген-

дердің небәрі 7 пайызы мамандығымен жұмыс жасайтындығы анықталған [18]. Мұнан жоғары технологиялық жұмыстарды орындау үшін білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі туындап, бұл еңбек өнімділігінің есуін ғана емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығының одан әрі дамуын да айтарлықтай тежеуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Ауыл халқы құрамында жалдамалы қызметкерлер саны өсіп келеді. 2021 жылы жалданып жұмыс жасайтындардың саны 2011 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға өскен. Сондай-ақ, өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны 2011 жылғы 1 887,0 мың адамнан 2021 жылы 1 216,2 мың адамға дейін қысқарған.

Қызметкердің өндіріс үдерісіне қатысу дәрежесін білдіретін көрсеткіш және адами капитал теориясына сәйкес негізгі қаржыландыру көзі жалақы деңгейі болып табылады. Бұл көрсеткіштің даму деңгейі ауыл халқының адами капиталын кешенді дамытудың негізгі, сондай-ақ оның қарапайым және қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Аграрлық сектордағы жалақы деңгейі бірнеше жылдардан бері экономикадағы ең төменгі ретінде тіркеліп отыр. Еліміз бойынша ең жоғары жалақы «Қаржы» және «Кен өндіру» қызметімен айналысатындарда, яғни жұмыс берушілер банктер мен мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың монополиялық жағдайына байланысты үлкен қаражатқа ие болған жерде орын алады.

Ауыл шаруашылығында көптеген тауар өндірушілер еркін бәсекелестік жағдайында жұмыс жасайды, сондықтан жалақы төлеу үшін әлдеқайда аз қаражатқа ие. 2019 жылы аграрлық сектордағы жалақы экономикадағы жалақының 61,8%-ына сәйкес келді. Ал 2021 жылы 60,2 пайызға дейін төмендеген, бұл еңбек өнімділігінің деңгейіне, ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығы қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы

Жалақы	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.
Республика бойынша орташа жалақы, барлығы	150 827	162 673	186 815	213 003	250 311
оның ішінде:					
ауыл, орман және балық шаруашылығы	91 084	97 929	115 371	130 178	150 705
деңгейі, %	60,4	60,2	61,8	61,2	60,2
Ескерту: [19] әдебиет көзі бойынша құрастырылған					

Өз ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегін дұрыс төлей алмайтын экономика сөзсіз шетелдік тауар өндірушілерге ақы төлейді. Сондықтан, еңбекке қатысты мемлекеттік мүддеге сүйене отырып, адами капиталды қалыптастыру мен пайдаланудың тиімді (инерциялық немесе инновациялық) бағытын анықтау керек. Бүгінгі күні қалалық және ауылдық жерлерде табыстардың айтарлықтай дифференциациясы сақталған. Мәселен, қалалық жерлерде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі – 3,8%, ал ауылдық жерлерде 7,6% құрайды.

2021 жылы қалалық және ауылдық кедейлік деңгейі арасындағы ең үлкен айырмашылық Атырау (9,8 есе), Маңғыстау (3,2 есе) облыстарында байқалды. Джини коэффициенті 2021 жылы 0,291 құрады, ең аз және ең көп қамтылған халықтың 10%-ының арақатынасы 5,9 есені құрады. Кедейлік тереңдігі мен кедейліктің ауырлығы сәйкесінше 0,8% және 0,2% құраған.

2021 жылы аймақтар бөлінісінде кедейлік деңгейін қарастырсақ, ең жоғары көрсеткіш Түркістан (12,2%), Солтүстік Қазақстан (6,7%), Шығыс Қазақстан (6,5%) облыстарында, ең төменгісі Астана қаласында (1,5%) тіркелген. Қазақстан ауылдарында орташа жан басына шаққандағы тұтынуға жұмсалған табыстары бір айда орташа жан басына шаққанда – 69038 теңгені құрайды. Халықтың ақшалай табыстарының құрылымын: еңбек қызметінен түскен – 70%, зейнетақы – 24,1%, жәрдемақы – 3,9% үлесіне тиесілі.

Тұрғындардың тұтыну шығындарының құрылымын талдау ауыл мен қала тұрғындары арасында шығындардың құрамында айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Ауыл тұрғындарының азық-түлік шығындарының үлесі қала тұрғындарына қарағанда едәуір жоғары, ауылда – 56,8%, қалада – 51,2%-ды құрады, мұның бір себебі отбасындағы адам санына да байланысты, 5 және одан да көп адамнан тұратын үй шаруашылықтарының сандық үлесі ауылдық жерлерде – 36%, қалада – 21%-ды көрсетеді [20].

Біздің ойымызша, ауылдық жерлерде тұратын халықтың басым бөлігінің табыс деңгейі оларға адами капитал деңгейін жан-жақты арттыруға мүмкіндік бермейді. Адами капиталға инвестициялаудың негізгі көзі – жалақы, сондықтан да, аграрлық сектордағы жалақы деңгейі көтеруді қажет етеді. Жыл сайынғы жалақы деңгейінің

өсуіне қарамастан, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі арзан жұмыс күшінің көзі болып қалып отыр, яғни мұндай қатынас аталмыш саланың жастар үшін тартымдылығын төмендетіп, оның дамуына да кедергі жасайды.

Сондықтан да, аграрлық саланың адами капиталын қалыптастыру мен дамыту арнайы әдіс-тәсілдерді құруды және пайдалануды қажет етеді деп есептейміз. Мұндай әдіс ұйымдастырушылық-экономикалық механизм болуы мүмкін.

Аграрлық сектордағы адами капиталды да қалыптастыру мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі – адами капиталға әсер етудің тиісті функциялары мен әдістерін қолдана отырып, еңбек ресурстарын тартуға және ауыл тұрғындарының лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін өзара әрекеттесіп қызмет етуші орта. Ол ортаның негізгі қатысушылары мемлекеттік және жергілікті органдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер және ауыл тұрғындары болуы тиіс. Ұйымдастырушылық-экономикалық механизмнің қызметі бірнеше арнайы бөлімдерге бөлінеді:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- қаржы-экономикалық;
- техникалық-технологиялық;
- құқықтық;
- әлеуметтік;
- мотивациялық (сурет).

Ұйымдастырушылық-басқарушылық бөлім. Оның мақсаттары төмендегідей:


\* аграрлық сектордың адами капиталын дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу және іске асыру;

\* ұйымдар мен кәсіпорындар кадрларының біліктілігін артыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

\* аграрлық саланың адами капиталын қалыптастыруда білім беру және ғылыми мекемелер, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

\* аграрлық бейіндегі орта арнаулы және жоғары оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамтуды жүзеге асыру;

\* аграрлық сектор кәсіпорындары қызметінде адами капиталдың дамуына мониторинг жүргізу. Сонымен бірге, аграрлық сектордың адами капиталын қалыптастыру, басқару, дамыту бағдарламаларын, стратегияларын, модельдерін әзірлеуге және бақылауға жауапты.



Ескерту: авторлармен құрастырылды

Сурет – Аграрлық саланың адами капиталын қалыптастыру мен дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмі

Қаржы-экономикалық бөлімнің мақсаты:

- аграрлық сектор үшін мамандар даярлауды қаржыландыру;
- аграрлық сектордың адами капиталын дамытуға арналған бюджет қаражаты көлемінің ғылыми негізделген есептеулерін жүргізу;
- аталмыш сала бойынша жас мамандарды мемлекеттік қаржылық қолдауды қамтамасыз ету.

Сонымен бірге, бұл бөлім мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды қаржылық қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттік қаржылық қолдаудың мөлшері өндіріс нәтижелерімен, нормативті шығындармен байланыстырыла отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Барлық деңгейдегі бюджеттерде ауыл шаруашылығына, аграрлық салаға қатысты арнайы бөлімдер болуы керек.

Ғылыми-зерттеулер мен оларды өндіріске енгізуге арналған ақша қорларын тиімді пайдалану және жоғары білікті кадрларды даярлау аграрлық сектордағы еңбек өнімділігі мен шығарылатын өнім сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, сектордың ақша қаражатын мақсатсыз пайдаланғаны үшін мемлекет құқық бұзушыларға белгілі бір ықпал ету шараларын, мысалы, айыппұл санкциялары, қылмыстық жауапкершілік шаралары қолдануы тиіс.

Техника-технологиялық бөлім:

- ауыл шаруашылығы ұйымдарының жаңа технологияларға қажеттіліктерін анықтау;
- аграрлық саланы механикаландыру, автоматтандыру және роботтандыру шараларын әзірлеу және іске асыру;
- жоғары, орта арнаулы және кәсіптік оқу орындарында заманауи инновациялық технологиялар мен техниканы, оның ішінде робототехниканы игеруге және пайдалануға қабілетті кадрларды даярлау.

Қазіргі жағдайда заманауи шетелдік және отандық технологияларды оңтайлы үйлестіріп, оларды ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің жаңа тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік беретін аграрлық технологияға бейімдеу қажет.

Ынталандырушы бөлім мақсаты - ауылдық жерлерде тұратын жастарды жұмыспен және мәдени-көпшілік, демалыс орындарымен қамтамасыз ету арқылы тұрақтандыру шараларын іске асыру; жаңа техника мен технологияларды игере алатын мамандықтар бойынша алдыңғы қатарлы оқу орталықтарын құру және т.б.

Құқықтық бөлім мыналарды қамтуы керек:

- \* аграрлық саланы және оның адами капиталын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі республикалық және аймақтық бағдарламаларды жетілдіру;



\* аграрлық секторға жұмысқа жас мамандарды тартуға бағытталған заңнамалық және нормативтік актілерді әзірлеу;

\* ауылдық жерлерде шағын кәсіпкерлікті заңнамалық қолдау және т.б.

Әлеуметтік бөлім. Оның мақсаты:

– адами капиталды қалыптастыру және дамыту бойынша ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпараттық базаны қалыптастыруға бағытталған аграрлық саланың мониторингі;

– аграрлық саланың адами капиталының жай-күйі мен әлеуметтік даму үрдістерін болжау;

– аграрлық сала қызметкерлерінің жалақы деңгейін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

– ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру бойынша шараларды әзірлеу және іске асыру;

– ауыл шаруашылығында еңбекті қорғау деңгейін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

– ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту, білім беру және мәдени, ойын-сауық мекемелерінің ашылуы және деңгейін арттыру, медициналық мекемелердің жабдықталуы және т.б.

Бұл механизмнің дұрыс жұмыс істеуі көрсетілген бөлімдер мен оларға сәйкес функциялар арасындағы тұрақты байланыстарды, оларды іске асырудың жүйелілігін қамтамасыз етуді талап етеді.

### Қорытынды.

1. Экономиканың аграрлық секторында адами капиталдың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері анықталды. Олардың қатарында аграрлық сектордың адами капиталының экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда ұтқырлығының төмендігі; білім деңгейінің салыстырмалы түрде төмен болуы; ауылдық жерлерде өмір сүру деңгейі мен сапасына төмендеуіне байланысты адами капиталды дамытудағы мүмкіндіктердің шектеулілігі атап көрсетілді. Мұндай үрдістер аграрлық сектордағы еңбек өнімділігінің өсуін ғана емес, еліміздің ауыл шаруашылығының дамуын тежеуі мүмкін.

2. Әлемдік банктің дүниежүзі елдерінің адами капиталын есептеу арқылы жасаған рейтингісін талдай отырып, негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстанның рейтингісін төмендегідей тұжырымдауға болады:

- бірінші, 5 жасқа дейінгі баланың өмір сүру ықтималдығы 99% құрайды. Басқаша айтқанда, БҰҰ-ның ресми статистикасы бойынша елімізде дүниеге келген 100 сәбидің 99-ы тірі қалады;

- екінші, мектептегі күтілетін оқу ұзақтығы. Қазақстанда 4 жасқа дейінгі оқуын бастаған бала (мектепке дейінгі тәрбие) 18 жасқа толғанда 13,3 жылға созылатын мектептегі оқу курсы аяқтайды деп күтілуде;

- үшінші, білім сапасы, яғни бірыңғай (үйлестірілген) емтихан бойынша баллдар. Қазақстандық оқушылардың білімі шкала бойынша 537 баллға бағаланған (әлем бойынша ең жоғары – 625 балл, ең төменгі шегі – 300 балл деңгейінде);

- төртінші, оқу сапасына түзету енгізілген мектептегі оқу ұзақтығы. Оқушылардың іс жүзінде алатын білім көлеміне түзетіле отырып, мектепте күтілетін оқу ұзақтығы елімізде 11,5 жылды құрайды;

- бесінші, ересек тұрғындардың өмір сүруі. Бүкіл Қазақстан бойынша қазіргі кезеңде 15 жастағы азаматтардың тек 84%-ы ғана 60 жасқа дейін өмір сүреді;

- алтыншы, салауатты өсу (дамуында кідірісі жоқ балалардың үлесі). 100 баланың 92-сі дамуда артта қалмайды. Қазақстанда 8 бала (100-ден) өмір бойы сақталуы мүмкін когнитивті және физикалық шектеулерге ұшырайды.

3. Аграрлық сектор қызметкерлерінің орташа жалақысының тұрақты өсуіне қарамастан, ол республика деңгейіндегі орташа жалақыдан әлдеқайда төмен, жалпы республикалық орташа жалақының 60 пайызын құрайды; бұл еңбек өнімділігінің деңгейіне, ауыл шаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді. Жалақы деңгейінің төмендігі аграрлық саланың жастар үшін мамандық таңдауда да, осы салада қызмет етуге де тартымсыз салалардың бірі болып табылады.

4. Аграрлық сектордың адами капиталын қалыптастыру мен дамытуды жүзеге асырудың басым бағыттарының бірі ретінде оның ұйымдық-экономикалық механизмі жасақталып, ұсынылды.

Механизм келесі бөлімдерді қамтиды: ұйымдастырушылық-басқарушылық (адами капиталды қалыптастыру мақсаттарын, даму тенденцияларын анықтауға және бағалауға, қатысты жоспарларды іске асыру); қаржы-экономикалық (мамандарды даярлауды қаржыландыруға арналған; техника-технологиялық (жаңа техника мен технологияларға қажеттіліктерді анықтауға, жұмыстарды механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі шараларды әзірлеуге арналған); ынталандырушы (ауылға кадрларды тарту және бекіту жөніндегі шараларды әзірлеу); құқықтық (мамандарды тарту және бекіту жөніндегі

заңнамалық және нормативтік актілерді даярлауға арналған); әлеуметтік (адами капиталдың жай-күйі мен дамуына мониторинг жүргізу). Осы механизмді негізге ала отырып, Қазақстанның аграрлық секторында адами капиталды дамытудың бірегей тұжырымдамасын жасақтауға болады.

### Әдебиеттер тізімі

[1] Schulz, T. Investment in Human Capital [Electronic resource].-2004-URL: <https://www.la.utexas.edu/users/hcleaver/330T/350kPEE>. (date of access: 18.05.2023).

[2] Becker, G.S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis / G.S. Becker.- Chicago: University Of Chicago Press, 1994. - 390 p.

[3] The Well-being of Nations –OECD, 2001 [Electronic resource].- 2001.- URL: <https://www.oecd.org/education/innovation-education/1870573.pdf> (date of access: 18.05.2023).

[4] Макконнелл, К.Р. Экономика: принципы, проблемы и политика / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю, В.С.Автономов.– М.: ИНФРА-М, 2003. – 972 с.

[5] Parman, J. Good schools make good neighbors: Human capital spillovers in early 20th century agriculture / J. Parman// Explorations in Economic History.- 2012.- №49.- P. 316–334.

[6] Абалкин, Л.И. Новый тип экономического мышления. Перестройка: пути и проблемы / Л.И. Абалкин. – М.: Экономика, 2000. – 912 с.

[7] Индекс человеческого капитала в Казахстане равен 0,75. Что это значит и стоит ли бояться? [Электронный ресурс].- 2022.- URL: [https://www.online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36121681&pos=3;-82#pos=3;-82](https://www.online.zakon.kz/Document/?doc_id=36121681&pos=3;-82#pos=3;-82) (дата обращения: 16.12.2022).

[8] Нүсіпова, Г.Н. Қазақстан Республикасындағы адам капиталының географиясы: аймақтар арасындағы салыстыру / Г.Н Нүсіпова, Г.Б. Айдарханова., А.А. Тоқбергенова // Экономика: стратегия және практика.- 2001. - №16(4).- Б. 160-173. <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-160-173>

[9] Қазақстан халқы: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. [Электрондық ресурс].-2022.-URL: <https://www.stat.gov.kz>. (қаралған күні: 15.12.2022).

[10] Костянская Е.Б. Развитие российских регионов: новые теоретические и методологические подходы / Е.Б. Костянская. - СПб.: Наука, 2006. – 618 с.

[11] Қазақстандағы білім беру: статистика, зерттеулер мен проблемалар [Электронный ресурс].-2022.-URL:[https://www.factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kazakstandagy-](https://www.factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kazakstandagy-bilim-beru-statistika-zertteuler-men-problemlar/)

[bilim-beru-statistika-zertteuler-men-problemlar/](https://www.factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kazakstandagy-bilim-beru-statistika-zertteuler-men-problemlar/) (дата обращения: 14.12.2022).

[12] Развитие человеческого капитала в Казахстане [Электронный ресурс].- 2022.- URL:<https://www.strategy2050.kz/ru/news/razviti-e-chelovecheskogo-kapitala-v-kazakhstane/> (дата обращения: 15.12.2022).

[13] В Казахстане на образование из госбюджета тратят около 5% от ВВП, это меньше чем в странах Африки [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.informburo.kz/novosti/v-kazahstane-na-obrazovanie-iz-gosbyudzhet> (дата обращения: 16.12.2022).

[14] В рейтинге по уровню здравоохранения Казахстан разместился на 58-м месте из 96 [Электронный ресурс].- 2022.- URL: [https://www.kt.kz/rus/society/v\\_reytinge\\_po\\_urovnyu\\_zdravoohraneniya\\_kazahstan\\_1377937598.html](https://www.kt.kz/rus/society/v_reytinge_po_urovnyu_zdravoohraneniya_kazahstan_1377937598.html) (дата обращения: 16.12.2022).

[15] Растет смертность населения в Казахстане [Электронный ресурс].- 2022.-URL: <https://www.mk-kz.kz/social/2021/09/15/rastet-smertnost-naseleniya-v-kazakhstane.html> (дата обращения: 21.12.2022).

[16] О состоянии и перспективах развития сельского здравоохранения [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.pharm.reviews/novosti/novosti-kazakhstana/item/7742-o-sostoyanii-i-perspektivakh-razvitiya-selskogo-zdravookhraneniya> (дата обращения: 22.12.2022).

[17] Қазақстанда жұмыспен қамтылу: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].- 2022.-URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 24.12.2022).

[18] Мамандық таңдау – болашақты таңдау [Электрондық ресурс ].-2022.-URL: <https://www.egemen.kz/article/317274-mamandyq-tanhdau-%E2%80%93bolashaqy-tanhdau> (қаралған күні: 16.12.2022).

[19] Қазақстан Республикасындағы еңбекақы: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].-2022.-URL: <https://www.stat.gov.kz>. (қаралған күні: 20.12.2022).

[20] Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].- 2022.- URL: <https://www.stat.gov.kz>. (қаралған күні: 20.12.2022).

### References

[1] Schulz, T. (2004). Investment in Human Capital Available at: <http://la.utexas.edu/users/hcleaver/330T/350kPEE>. (date of access: 14.12.2022).

[2] Becker, G.S. (1994). Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis. University Of Chicago Press; 3-rd edition edition, 390

[3] The Well-being of Nations – OECD (2001). Available at: <https://www.oecd.org/education/innovation-education/1870573.pdf> (date of access: 15.12.2022).

[4] Makkonell, K.R., Bru, S.L. (2003). Jekonomiks: principy, problemy i politika [Economics: Principles, problems and policy]. INFRA-M, 14, 972 [in Russian].

[5] Parman, J. (2012). Good schools make good neighbors: Human capital spillovers in early 20th century agriculture. *Explorations in Economic History*, 49, 316-334.

[6] Abalkin, L.I. (2000). Novyj tip jekonomicheskogo myshlenija. Perestrojka: puti i problemy [A new type of economic thinking. Perestroika: ways and problems]. *Jekonomika - Economy*, 912 [in Russian].

[7] Indeks chelovecheskogo kapitala v Kazahstane raven 0,75. Chto jeto znachit i stoit li bojat'sja? [The human capital index in Kazakhstan is 0.75. What does this mean and is it worth being afraid of?] (2022). Available at: <https://online.zakon.kz/Document>. (date of access: 16.12.2022) [in Russian].

[8] Nusipova, G.N., Ajdarhanova G.B., Tokbergenova A.A. (2021). Qazaqstan Respublikasyndağy adam kapitalynyñ geografiasy: aimaqtar arasyndağy salystyru [Geography of human capital in the Republic of Kazakhstan: comparison between regions]. Available at: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-160-173>. *Jekonomika: strategija jäne praktika - Economy: strategy and practice*, 16(4), 160-173 [in Kazakh].

[9] Qazaqstan halqy: stat. Jinaq [Population of Kazakhstan: stat. collection]. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ұltyq statistika bürosy – Kazakhstan Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of National Statistics bureau (2022). Available at: <https://stat.gov.kz>. (date of access: 15.12.2022) [in Kazakh].

[10] Kostyanskaya E.B. (2006). Razvitie rossijskih regionov: novye teoreticheskie i metodologicheskie podhody [Development of Russian regions: new theoretical and methodological approaches]. *Nauka*, 618 [in Russian].

[11] Qazaqstandağy bilim beru: statistika, zertteuler men problemalar [Education in Kazakhstan: statistics, research and problems] (2022). Available at: <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kazakstandagy-bilim-beru-statistika-zertteuler-men-problemalar/> (date of access: 14.12.2022) [in Kazakh].

[12] Razvitie chelovecheskogo kapitala v Kazahstane [Human capital development in Ka-

zakhstan] (2022). Available at: <https://strategy2050.kz/ru/news/razvitie-chelovecheskogo-kapitala-v-kazahstane>. (date of access: 15.12.2022) [in Russian].

[13] V Kazahstane na obrazovanie iz gosbjudzhetta tratjat okolo 5% ot VVP, jeto men'she chem v stranah Afriki [In Kazakhstan, about 5% of GDP is spent on education from the state budget, which is less than in African countries] (2022). Available at: <https://informburo.kz/novosti/v-kazahstane-na-obrazovanie-iz-gosbyudzhetta> (date of access: 16.12.2022) [in Russian].

[14] V rejtinge po urovnju zdravoohraneniya Kazakhstan razmestilsja na 58-m meste iz 96 [Kazakhstan is ranked 58th out of 96 in the ranking on the level of healthcare] (2022). Available at: [https://www.kt.kz/rus/society/v\\_rejtinge\\_po\\_urovnyu\\_zdravoohraneniya\\_kazahstan\\_1377937598.html](https://www.kt.kz/rus/society/v_rejtinge_po_urovnyu_zdravoohraneniya_kazahstan_1377937598.html). (date of access: 16.12.2022) [in Russian].

[15] Rastet smertnost' naselenija v Kazahstane [The mortality rate of the population in Kazakhstan is growing] (2022). Available at: <https://mk-kz.kz/social/2021/09/15/rastet-smertnost-naseleniya-v-kazahstane.html>. (date of access: 21.12.2022) [in Russian].

[16] O sostojanii i perspektivah razvitija sel'skogo zdravoohraneniya [About the state and prospects of rural health care development] (2022). Available at: <https://pharm.reviews/novosti/novosti-kazahstana/item/7742-o-sostoyanii-i-perspektivakh-razvitiya-selskogo-zdravoohraneniya>. (date of access: 22.12.2022) [in Russian].

[17] Qazaqstanda jümyspen qamtylu: stat. jinaq. [Employment in Kazakhstan: stat. Collection]. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ұltyq statistika bürosy (2022). Available at: <https://stat.gov.kz>. (date of access: 24.12.2022) [in Kazakh].

[18] Mamandyq tañdau – bolaşaqty tañdau [Choosing a profession-choosing the future] (2022). Available at: <https://egemen.kz/article/317274-mamandyq-tanhdaу-%E2%80%93-bolashaqty-tanhdaу>. (date of access: 16.12.2022) [in Kazakh].

[19] Qazaqstan Respublikasyndağy eñbek-aqy: stat. jinaq. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ұltyq statistika bürosy (2022). Available at: <https://stat.gov.kz>. (date of access: 20.12.2022) [in Kazakh].

[20] Qazaqstandağy halyqtyñ түrmys deñgei: stat. jinaq. [Standard of living of the population in Kazakhstan: stat. collection]. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jäne reformalar agenttigi Ұltyq statistika bürosy (2022). Available at: <https://stat.gov.kz>. (date of access: 20.12.2022) [in Kazakh].

**Авторлар туралы ақпарат:**

*Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы*; Ph.D докторы; «Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті; 120014 Әйтеке би көш., 29А, Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: Nurai0510@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-5849-8628>

*Абдимомынова Алмакул Шакирбековна* - **негізгі автор**; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика және басқару» кафедрасының доценті; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті; 120014 Әйтеке би көш., 29А, Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-2237-7699>

*Утегенова Камшат Амандыковна*; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті; 120014 Әйтеке би көш., 29А, Қызылорда қ., Қазақстан; e-mail: [ute\\_kam@mail.ru](mailto:ute_kam@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-9929-7761>

**Information about authors:**

*Bukharbayeva Akmaral Zhetibaykyzy*; Ph.D; Associate professor of the Department of Finance, Accounting and Audit; Korkyt Ata Kyzylorda University; 120014 Aiteke bi str., 29A, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: [Nurai0510@mail.ru](mailto:Nurai0510@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-5849-8628>

*Abdimomynova Almakul Shakirbekovna* - **The main author**; Candidate of Economic Sciences; Associate professor of the Department of Economics and Management; Korkyt Ata Kyzylorda University; 120014 Aiteke bi str., 29A, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-2237-7699>

*Utegenova Kamshat Amandykovna*; Candidate of Economic Sciences; Senior lecturer of the Department of Economics and Management; Korkyt Ata Kyzylorda University; 120014 Aiteke bi str., 29A, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: [ute\\_kam@mail.ru](mailto:ute_kam@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-9929-7761>

**Информация об авторах:**

*Бұхарбаева Ақмарал Жетібайқызы*; доктор Ph.D; ассоциированный профессор кафедры «Финансы, учет и аудит»; Кызылординский университет им. Коркыт Ата; 120014 ул. Айтеке би, 29А, г.Кызылорда, Казахстан; e-mail: [Nurai0510@mail.ru](mailto:Nurai0510@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-5849-8628>

*Абдимомынова Алмакул Шакирбековна* - **основной автор**; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Экономика и управление»; Кызылординский университет им. Коркыт Ата; 120014 ул. Айтеке би, 29А, г.Кызылорда, Казахстан; e-mail: [abdim.alma@mail.ru](mailto:abdim.alma@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-2237-7699>

*Утегенова Камшат Амандыковна*; кандидат экономических наук; старший преподаватель кафедры «Экономика и управление»; Кызылординский университет им. Коркыт Ата; 120014 ул. Айтеке би, 29А, г.Кызылорда, Казахстан; e-mail: [ute\\_kam@mail.ru](mailto:ute_kam@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0001-9929-7761>